

Сандықтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 қазандағы № 19/2 " Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 15 мамырдағы № 32/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 маусымда № 4823 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3/8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 20.05.2016 № 3/8 (қол қойылғаннан кейін күшіне және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының, Ақмола облыстық мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 5С-20-3 "2014-2016 жылдарға арналған Ақмола облысының облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттері арасындағы жалпы тұрғыдағы трансферттердің көлемдері туралы" шешімінің негізінде, Сандықтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сандықтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 қазандағы № 19/2 " Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (2013 жылы 21 қарашада Ақмола облысы әділет Департаментінде № 3890 тіркелген, 2013 жылы 6 желтоқсанда " Сандықтауские вести" газетінде № 49 жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізісін:

Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасының 2-тарауы 5-абзацы 11-тармағының 1)- тармақшасындағы "облыстық бюджеттен бөлінетін, нысаналы трансферттер есебінен" сөздері жойылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

А.Амрина

С.Клюшников

Келісілді
*Сандықтау ауданының
әкімі*

Е.Сағдиев

2015 жылғы 15 мамыр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК